



ЖАСЫЛ ЕЛ - 2024 «ЖАСЫЛ ЕЛ» сарбаздары өз жұмысын бастады



«Жасыл ел» – мемлекеттік бағдарламасы Нұра кентінде 1 маусымнан бастау алды. Бұл бағдарлама – жасампаз жастардың басын біріктірген мекен. Жастар – ұлт келешегі, ертеңгі қоғамның айнасы. Сондықтан да, жастардың қызығушылығын қоғам назарына бұру дұрыс қадам.

Жайма- шуақ жаз басталысымен, мектеп оқушылары демалуға бет алса, он төрт жастан асқан жоғары сынып оқушыларының көбісі еңбекке араласуда. Осы тұста мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы жастардың жұмысқа орналасуына таптырмас мүмкіндік.

Нұра кентінде биылғы жылдың өзінде үш маусымға 135 бала қабылданып отыр. Жалпы бағдарламаның басты мақсаты – жастардың күшімен ауданымыздың айналасын қоқыстан тазалап, жасыл ағаштармен, әсем гүлдермен көркейту. Сонымен қатар «Жасыл ел» бағдарламасының балалары «Ардагерлер - ардағым» акциясы аясында жалғыз басты қарттарға, ардагерлерге қол ұшын ұсынады.

Бұл бағдарлама аясында 14-16 жас аралығындағы балалар жас ерекшеліктеріне қарай аптасына 5 күннен, күніне 4 сағаттан көп емес жұмыс істейді. Ал 16 жастан жоғарылар күніне 6 сағат жұмыс атқарады. Биылғы жылдың тағы бір ерекшелігі – балаларға ұсынылған «Жасыл ел» фирмалық киімі ерекше үлгіде жасалған. Көшеде көргенде бірден көзге түседі. Аталмыш жоба 1 маусымнан 30 тамызға дейін жалғасын табады.

Қалай дегенмен де, жастардың «Жасыл ел» қатарына енуінің артында жақсы нәрсе тұр. Осындай бағыттағы іс-шаралармен жастарды еңбекке баулудың алғышарттары басталады.

«Ердің данқын еңбек шығарады» демекші, жастайынан еңбекке араласқан жастардың келешегінен үміт мол.

Сағыныш Абдракишева
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университетінің
II курс студенті

Глава государства посетил новый корпус Национального научного онкологического центра

Президент



Президент Касым-Жомарт Токаев ознакомился с ходом строительства нового корпуса Национального научного онкологического центра, который будет открыт в августе текущего года.

Общая площадь здания составляет более 58 тысяч квадратных метров. Оно будет вмещать в себя стационар на 210 коек, в том числе 24 койки анестезиологии, реанимации и интенсивной терапии, а также 150 мест дневного стационара. Планируемая ежегодная пропускная мощность – 6 тысяч госпитализаций.

Глава государства также был проинформирован о том, что в новом корпусе будут сконцентрированы все уникальные мировые технологии диагностики и лечения злокачественных образований. Здесь будут созданы условия для научных исследований, реализации научно-технических программ и образовательной практики.

продолжение на стр. 2

Тағзым

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алды

Нұра кентінде ең үлкен нәубет, ең қасіретті зұлмат 37-ші жылдардағы жаппай қуғын-сүргіннің азабы мен тозағын, қайғы мен қасіретін көрген, ел үшін, жер үшін қазақ деген халықтың жарқын болашағы үшін адал еңбек етіп, осы қанды қырғынның жазықсыз құрбаны болған, басына қандай қиындықтар тап келсе де, елжандылығынан айнымаған қалпында өмірден өткен ерлер – қандастар, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні аталып өтілді.

жалғасы 2-бетте



Мемлекеттік Рәміздер күніне орай велошеру өтті



Нұра кентінде «Елтаңбасымен еңселі, Өнұранымен айбынды, Туымен тұғырлы» атты мерекелік шара өтті.

Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Гимн Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы өрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілері.

жалғасы 2-бетте